

"Қазақстан Республикасының халқына протездік-ортопедиялық көмек берудің тәртібі туралы" Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрінің 1998 жылғы 2 сәуірдегі N 88, N 763 тіркелген бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2004 жылғы 18 маусымдағы N 140-ө бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 21 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 2957. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2005 жылғы 6 қыркүйектегі N 236-ө Бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2005 жылғы 6 қыркүйектегі N 236-ө Бұйрығымен.

----- **Бұйрықтан үзінді** -----

"Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 20 маусымдағы Заңына, "Мүгедектерді оңалтудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 маусымдағы N 754 қаулысына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналардың күші жойылған деп танылсын: ...

3) "Қазақстан Республикасының халқына протездік-ортопедиялық көмек берудің тәртібі туралы" Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 1998 жылғы 2 сәуірдегі N 88-ө бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2004 жылғы 18 маусымдағы N 140-ө бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіркелімінде N 2957 тіркелген).

Министр

Мүгедектердің сұранысын қазіргі заман талаптарына жауап беретін протездік-ортопедиялық бұйымдармен анағұрлым толық қамтамасыз ету мақсатында Бұйырамын:

1. "Қазақстан Республикасының халқына протездік-ортопедиялық көмек берудің тәртібі туралы" Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрінің 1998 жылғы 2 сәуірдегі N 88-ө (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 763

тіркелген), Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрінің 2002 жылғы 17 мамырдағы N 106-ө бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1910 тіркелген және Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері бюллетенінде жарияланған, 2002 жыл, N 33, 666-құжат) өзгерістер мен толықтырулар енгізілген бұйрығына мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының халқына протездік-ортопедиялық көмек беру тәртібі туралы Нұсқаулықта:

2-тармақ "қол және аяқ" деген сөздерден кейін ", көкірек бездері" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақтағы "және т.б." деген сөздер ", жіңішке таяқтар, балдақтар, жетек арбалар" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Негізгі протез берілгенге дейін, мүгедектер медициналық көрсеткіштері бойынша пайдалану мерзімі 6 айдан аспайтын үйрену-жаттығу протездерімен қ а м т а м а с ы з е т і л е д і .

Мүгедектер негізгі протездермен осы нұсқаулықтың 10, 12-тармақтарында белгіленген пайдалану мерзіміне қамтамасыз етіледі.

Жұмыс протездері мүгедектерге, олардың тілектері бойынша қосалқы құралдарымен бұйымның негізгі түрін алумен бір мезгілде беріледі.";

9-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Нұсқаулықтың 7-тармағында көрсетілген протездік-ортопедиялық бұйымдарды медициналық айғақтамалар бойынша беру, сондай-ақ оларды жөндеу тегін жүргізіледі:";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазіргі заманғы технология бойынша жасалған модульдер мен бөлшектер негізіндегі қол және аяқ протездерін ауыстыру оларды алған күннен бастап үш жылдан кейін, 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар үшін - екі жылдан кейін жү р г і з і л е д і .

Көкірек бездері протездерін ауыстыру оларды алған күннен бастап екі жылдан кейін жү р г і з і л е д і .

Қазіргі заманғы технологиямен жасалған табан модулінің, косметикалық қаптауларды, протез тысқаптарын пайдаланудың кепілді мерзімі - бір жылға дейін.";

13-тармақ алынып тасталсын;

15-тармақ "Көкірек бездерінің протездері ішкіімнің (бюстгалтер) екі жиынтығымен беріледі." деген сөйлеммен толықтырылсын;

24-тармақ "шұғылдығын" деген сөзден кейін "Ұлы Отан соғысының қатысушыларын, мүгедектерін, сондай-ақ жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша соларға теңестірілген адамдарды және 16 жасқа дейінгі мүгедек-балаларды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

31-тармақтағы "кеуде темірлерімен" деген сөздер алынып тасталсын;

32-тармақ алынып тасталсын;

45-тармақ алынып тасталсын.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Қазақстан Республикасының
Экономика және бюджеттік
жоспарлау Министрі
"23" маусым 2004 ж.

К е л і с і л д і :
Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау
М и н и с т р і

"25" маусым 2004 ж.